



№23 (5184)

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

5

маусым (жұма)
июня (пятница)

2026

жыл
год

Алматинская-Жетісуская областная общественно-политический еженедельник

Іле ауданында Мемлекеттік рәміздер күні салтанатты түрде аталып өтті. 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай Іле ауданында «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» атты салтанатты Ту көтеру рәсімі ұйымдастырылды. Өтеген батыр ауылындағы Мемлекеттік Ту тұғыры алаңында өткен мерекелік іс-шараға аудан басшылығы, мәслихат депутаттары, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, қоғамдық ұйым өкілдері, жастар мен аудан тұрғындары қатысты. Жалпы саны 150-ге жуық адам қатысқан жиынның басты мақсаты – мемлекеттік рәміздердің мәртебесін дәріптеу, жастардың бойында отансүйіштік сезімді қалыптастыру және елдік құндылықтарға деген құрметті арттыру.

насына сіңіруі қажет, – деді аудан әкімі. Мерекелік шараның мәдени бағдарламасы да көпшіліктің көңілінен шықты. Қазақстанның халық әртісі Ілияс Байбосыновтың репертуарындағы «Қазақстаным» әнін Өнуарбек Қызырбек пен Уатхан Заханқызы орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы, «Қазақконцерт» өнер бірлестігінің солисі, қазақ эстрадасының танымал әншісі Сая Махамбет Қажымұқан Абзаловтың сөзіне жазылған өзінің «Қазақымсың» әнін орындап, көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Мерекелік концерт барысында Бағдат Қашқынбаеваның сөзіне жазылған Біржан Әлкейдің «Желбіре туым, желбіре көкте» әні шырқалып, сах-

ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ӘН ЖҮРЕККЕ ЖЕТТІ

Жақсылық пен мейірімділік – қоғамды біріктіретін ең ұлы күш. «1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні» қарсаңында ауданымызда ерекше форматтағы «Жүректен жүрекке» инклюзивті вокал фестивалі өтті.

Н. Тілендиев атындағы аудандық Мәдениет үйінде ұйымдастырылған шара ерекше қажеттілігі бар талантты балалардың өнерін насихаттап, олардың шығармашылығына қолдау көрсетуге, қоғамда инклюзивті мәдениетті дамытуға арналды. Бұл шара мүмкіндігі шектеулі жандардың талантын ұштап, олардың қоғамның толыққанды мүшесі екенін тағы бір мәрте дәлелдеген маңызды оқиғаға айналды. Фестивальдің басты мақсаты – ерекше балалар мен жасөспірімдердің өнерге деген махаббатын оятып, бойындағы жасырын дарындарын таныту, сондай-ақ қоғамда өзара қолдау мен тең мүмкіндіктер идеясын насихаттау.

Мәдениет үйінің фойесінде фестиваль аясында ерекше балалардың қолдан жасаған бұйымдары мен суреттерінен құралған арнайы көрме ұйымдастырылып, келген қонақтар мен балаларға сусындар таратылды. Мерекелік сахнада ауданның және облыстың түкпір-түкпірінен келген жас өнерпаздар ән шырқап, би билеп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Шараға Іле ауданының әкімі Қайыржан

жағдай жасауға міндеттіміз. Біз әзірше тек Алматы облысында өткізіп жатқанымызбен, болашақта республикалық деңгейде өткізіп, еліміздің әр өңіріндегі талантты жастардың басын қосқымыз келеді. Іле ауданында осындай игілікті шараны өткізуге үлес қосып отырған аудан әкімі Қайыржан Серікбайұлына, әкімнің орынбасары Асқар мырзаға, Демеуші азаматтарға алғысымыз шексіз. Осы кісілердің арқасында біз кей байқаулар секілді қатысушылардан жарна алмай, керісінше оларға ақшалай сыйақы беріп, балаларды бір қуанып отырмыз», – деді Марат Жапаров.

Фестиваль барысында 28 бала өнер көрсетті. Жас әншілер қазақ, орыс және шетелдік әндерді орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ би ұжымдарының өнері мен арнайы шақырылған қонақтардың қатысуы мерекенің мазмұнын байыта түсті. Сахнаға шыққан әрбір баланың бойындағы өмірге деген құштарлық пен өнерге деген талпыныс зал толы көрерменнің жүрегін елжіретті.

Шараның басты ерекшелігі – әр баланың сахна төрінде өзін еркін сезінуіне мүмкіндік беру және қоғамдағы инклюзивті мәдениетті нығайту болды. Өнер арқылы балалар достықтың, қамқорлықтың және өзара қолдаудың үлгісін көрсетті.

Бұл ауқымды жоба жергілікті әкімдіктердің, қоғамдық қорлар мен ерекше ба-

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – МАҚТАНЫШЫМЫЗ



Салтанатты шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеру рәсімімен басталды. Көк байрақ көкке көтерілген сәтте жиналған қауым Мемлекеттік Әнұранды бірге орындап, ел рәміздеріне деген құрметін білдірді. Іс-шара барысында жүргізушілер мемлекеттік рәміздердің тарихы мен маңызына да тоқталып өтті. Салтанатты жиында сөз сөйлеген Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов мемлекеттік рәміздердің ел өміріндегі орны ерекше екенін айтты. – Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздігіміздің тұғыры, ұлттық бірлігіміздің белгісі. Туымыз – бейбітшілік пен болашаққа деген сенімнің символы болса, Елтаңбамыз – мемлекетіміздің берік негізін білдіреді. Ал Әнұран – халқымыздың рухын көтеріп, елдік сананы нығайтатын қасиетті құндылық. Сондықтан әрбір қазақстандық мемлекеттік рәміздерді құрметтеп, олардың мән-маңызын жас ұрпақтың са-

на төрінде Ержан Исатаев, Айнұр Ғани, Диас Төлепберген, Маржан Закирова және Данияр Абдуллаев өнер көрсетті. Патриоттық әндер мен рухты шығармалардан құралған концерттік бағдарлама мерекенің мазмұнын байытып, мемлекеттік рәміздерге деген құрметті одан әрі арттыра түсті. Мемлекеттік рәміздер күні – әрбір қазақстандық үшін маңызды мерекелердің бірі. Өйткені көк Ту, айбынды Елтаңба және асқақ Әнұран – Тәуелсіз Қазақстанның әлем алдындағы келбетін танытатын қасиетті нышандар. Олар халқымыздың бірлігі мен тұтастығын, елдің жарқын болашағына деген сенімін білдіреді. Іле ауданында өткен салтанатты Ту көтеру рәсімі де елдік пен бірліктің, патриотизм мен ұлттық құндылықтарға деген құрметтің жарқын көрінісіне айналды. Мерекелік жиын көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін тағы бір мәрте айшықтап берді.

Диана ҚАНАТ



Жақсымбетов қатысып, балаларды мерекемен құттықтады. «Балалардың күлкісі – қоғамның бақыты мен берекесінің белгісі. Әрбір бала өз арманын жүзеге асырып, қабілетін еркін дамыта алатын ортада өсуі тиіс. Біздің міндетіміз – балаларға сапалы білім мен тәрбие беріп қана қоймай, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға барлық жағдай жасау. Бүгінгі фестиваль – шектеусіз мүмкіндіктің, мейірім мен достықтың жарқын көрінісі. Барша бүлдіршіндерді мерекемен құттықтаймын!» – деді аудан әкімі Қайыржан Жақсымбетов.

Сонымен қатар Алматы облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Үмбеталиев Ануар Мұхтарханұлы, фестивальдің өтуіне қолдау көрсеткен демеушілер мен қоғамдық бірлік өкілдері балаларға ізгі тілектерін білдірді. Өз кезегінде фестиваль ұйымдастырушылары Қайыржан Серікбайұлы мен Ануар Мұхтарханұлына өз алғыстарын білдіріп, ұйым атынан алғыс хат табыстады.

«Жүректен – жүрекке» фестивалінің авторы Марат Жапаровтың айтуынша бұл фестиваль 2025 жылы қолға алынып, ең алғаш Талғар қаласында өткен екен. Әр тоқсан сайын фестиваль ұйымдастырылып, бүгінгі шара өткізіліп жатқан алтыншы фестиваль екен. Марат ағамыз мүмкіндігі шектеулі өнерлі жастарды қолдауға арналған мұндай шаралар қалаларымыз бен аймақтарымызды инклюзивті мәдениеттің орталығына айналдыруға үлкен септігін тигізетініне нық сенімді. «Мүмкіндігі шектеулі жандардың арман-мақсаттары мен ойы шексіз болуы керек. Олар тек алға ұмтылуы қажет және біз оларға

балалардың ата-аналары бірлестіктерінің, сондай-ақ қайырымдылық жасауды парыз санаған демеушілер мен еріктілердің қолдауымен жүзеге асты. Фестиваль барысында барлық қатысушыларға арнайы дипломдар, естелік сыйлықтар мен демеушілер тарапынан қаржылай сыйлықтар да табыс етілді.

Шара барысында қатысушылардың ата-аналарын да еңгімеге тартқан болатынбыз. Сүлейман Ақеркениң анасының айтуынша Ақерке биыл 21 жасқа толып отыр. 9 айлығында сап-сау, өздігінен еңбектеп жүрген қызымызға беліне шаш өсіп шыққаны үшін ота жасады. Соның салдарынан қызымыз белінен шойрылып, қозғала алмай қалды. Кейін түркиялық дәрігерлер де қызымызға тәжірибе жасап, ол кері нәтиже беріп, оң қолы қозғалысыз қалып, арбаға танылды. Биыл қызымды Арменияға апарып, сол жақтағы невролог дәрігерге көрсеттік. Ол қызымды жүз пайыз аяғынан тұруына көмектесемін деді – деп, ана жүрегі қызының жүргенін, өздігінен қозғалатынын асыға күтіп жүргенін айтып, жақсылықтан үміт үзбейтінін жеткізді.

«Жүректен жүрекке» фестивалі – жай ғана концерттік бағдарлама емес, бұл – жүректерді жақындастырған, мейірім мен бірліктің салтанат құрған ерекше мекені болды. Осындай игі бастамалар арқылы біз бір-бірін түсінетін, қолдайтын және әрбір азаматтың мүмкіндігін бағалайтын шуақты қоғам құруға қадам басамыз.

Іле ауданында Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шаралар ауданның барлық елді мекендерінде жалғасып, мыңдаған балаға қуаныш сыйлады.

А. ЕРЖАНОВ